

КЕЛІСІЛДІ:

Аудандық білім бөлімінің
МКҚК басшысы
Н.У.Айжарыков



БЕКІТІЛДІ:

«Нұрлы болашақ»
балабақшасының директоры:
Ж.С.Ертлеуова



«Нұрлы болашақ» балабақшасының педагогикалық кеңесі отырысында
«Логика» бағдарламасы талқыланды.

Хаттама № 1 «25» тамыз 2021 жыл.

Бағдарламаны құрастырған: Торбай М.А

Бағдарлама негізі: «Логика» кітабына сүйене отырып құрастырылған

Түсінік хат

Ересек топ балаларының танымдық қабілеттерін (назар аудару, есте сақтау, қабылдау, байқағыштық, елестеу, ойлау т.б) дамыту оқу процесінде маңызды орын алады. Берілген логика оқу қызметінің тақырыптық жоспары. Ересек топ балаларының танымдық қызығушылығын дамытуға жағдай жасай отырып, баланы іздепаздыққа және өзіне сенімді болуға, ақыл ой деңгейін қалыптастыруға бағытталған материалдармен қамтылған.

Ересек топ балаларына ұсынылып отырған «Логика» оқу қызметі баланың интеллектуалды және шығармашылық мүмкіндіктерін қалыптатыру мақсатында алты және он жас аралығында жүргізіледі. Логика оқу қызметі аптасына 1 сағат, 36 тақырыппен берілген. Ересек топ балаларының логикалық танымдылық қабілеттері мен білім-білік дағдылары қалыптасады.

Оқу қызметінің тақырыптық жоспарында шығармашылық ізденіс тапсырмалары мазмұны мен құрлымы жағынан жан жақты ұйымдастыруға мүмкіндік тұғызады. Танымдық қасиеттері мен білім білік дағдыларын қалыптастырады. Бұл оқу қызметі жүйенің ерекшелігі- негізгі оқу материалдарынан тыс, баланың мүмкіндіктерін ашып, жеке тұлға ретінде дамуына әсері мол.

Оқу құралындағы тапсырмалар балалардың өз бетінше логикалық іздену әрекеттеріне негізделген жаттығулардан тұрады. Құрылған тапсырмалар мазмұны жағынан бір біріне ұқсамайды. Осындай жаттығулар орындау барысында өз пікірін ортаға салып дәлелдеуге, қиын жағдайда жол тауып шығуға, жеке шешім қабылдауға үйренеді. Әр оқу қызметі сайын тапсырмалар қиындайды, көлемі көбейтіп, тапсырманы орындау жылдамдығы артады. Сөйтіп олар өздерінің дамуында көптеген жетістіктерге қол жеткізеді. Ересек топ балаларының оқуға деген қызығушылықтары мен белсенділіктері арттады.

**Ересек тобының
логикалық ойлау қабілетін дамыту негіздерінің перспективалық жоспары**

Айы	№	Тақырыбы	Мақсаты
1	2	3	4
Қыркүйек	1	Түстер	Балаларды заттардың негізгі түстерін ажыратып, тани және айта білуге үйрету.
	2	Жанама түстер	Заттардың негізгі және жанама түстерін атап, ажырата және тани білуге үйрету.
	3	Бір -көп	Балалардың айналасындағы заттардың санын ажырату қабілетін дамыту . Заттың бір және көп екендігін , оны таба білуге дағдыландыру.
	4	1 цифры және саны	Балаларды 1 саны және цифрасымен таныстыру. 1 санын тани білуге дағдыландыру.
Қазан	5	2 цифры және саны	Балаларды 2 саны және цифрасымен таныстыру. 2 санын тани білуге және 2-ге дейін санауға дағдыландыру.
	6	3 цифры және саны	Балаларды 3 саны және цифрасымен таныстыру. 3 санын тани білуге және 3-ке дейін санауға дағдыландыру.
	7	Аз-көп	Өртүрлі заттар тобын көлеміне қарай топтастыру. Заттарды бір-бірімен салыстыруды үйрету.
	8	Ұзын-қысқа	Өртүрлі заттар тобын ұзындығына қарай топтастыру. Заттарды бір-бірімен салыстыруды үйрету.
Қараша	9	Шеңбер	Балаларды геометриялық фигура-шеңбермен таныстыру.Шеңбер туралы түсініктерін қалыптастыру.Заттарды салыстыра білуге үйрету
	10	Шаршы	Балаларды геометриялық фигура-таныстыру.Үшбұрыш туралы түсініктерін қалыптастыру.Заттарды салыстыра білуге үйрету.
	11	Түс пен пішін	Балаларды түс пен пішінді дұрыс ажырата білуді дағдыландыру. Заттарды бір-бірімен салыстыруды үйрету.
	12	Түс пен пішін	Балаларды түс пен пішінді дұрыс ажырата білуді дағдыландыру. Заттарды бір-бірімен салыстыруды үйрету.
Желтоқсан	13	Биік--аласа	Заттардың суреттегі және өзіне тікелей байланысты кеңістікте орналасу бағытын ажыратып, атап көрсету қабілетін дамыту.

	14	Сол жақ-оң жақ	Балаларды қағаз бетінде бейнеленген заттарды орналасу ретіне қарай сөзбен атап көрсетуді үйрету.
	15	Сол жақта-ортасында- оң жақта	Балалардың кеңістіктегі қарым-қатынастар туралы түсінігін қалыптастыру.
	16	Дене мүшелері	Балаларды дене мүшелерін атауды үйрету.
Қаңтар	17	Айбекті киіндір	Балаларды киімді ретімен киюге дағдыландыру.
	18	Арманды тамақтандыр	Тамақ ішу мәдениеті мен қандай ыдыстар керек екенін түсіндіру.
	19	Үлкенірек-кішірек	Балаларды әртүрлі заттарды бірімен салыстыруды үйрету.
	20	Заттарды топтастыру	Балаларды әртүрлі заттар тобын бірыңғай топтастыруды үйрету.
Ақпан	21	Не үлкен?	Заттарды бір-бірімен салыстырып , бірыңғай топтастыруды үйрету.
	22	Жұбын тап	Балаларды заттардың жұбын тауып, жұптастыруды үйрету.
	23	Көру қабілетін дамыту	Балалардың көзбен шамалау қабілетін дамыту, зейінін дамыту.
	24	Пішін оның түстері	Заттардың түс пен пішінін ажырата білуді үйрету.Заттарды бір-бірімен салыстыруды үйрету.
Наурыз	25	Кім қалай дыбыстайды?	Балалардың есту қабілетін дамыту және кім қалай дыбыстайтынын ажырата білуге дағдыландыру.
	26	Кім қайда тұрады?	Балалардың қай жануар қайда қоныстайтынын олардың атауларын ажыратып, айта білуге дағдыландыру.
	27	Көру қабілетін дамыту	Балалардың көру және ойлау қабілетін дамытып, есте сақтауға дағдыландыру.
	28	Үлкен -кіші	Заттарды бірыңғай топтастырып салыстыруға үйрету.
Сәуір	29	Қаншалықты, көп, аз	Балаларды бірыңғай заттарды топтастырып салыстыруға дағдыландыру .Сонша, көп. Аз ұғымдарын пайдалана білуге үйрету.
	30	Пирамиданы құрастыр	Балаларды пирамиданы дұрыс жинауға, түстерін атауға үйрету.
	31	Түстерді кайталау	Балалардың түстер туралы білімін бекіту, күнделікті өмірде пайдалануға дағдыландыру.
	32	Үстінде, астында, жанында	Балалардың кеңістікті қағаз бетінде бағдарлай отырып, заттардың орналасуын айтып беруге дағдыландыру.

Мамыр	33	Геометриялық пішіндер	Балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, күнделікті өмірде пайдалана білуге дағдыландыру.
	34	Бір-көп	Заттардың бір-көп екенін ажырата білуді, салыстырып ,топтастыруды үйрету.
	35	Үлкен-кіші	Балаларды заттарды салыстырып, топтастыруды үйрету.
	36	Оң жақ-сол жақ	Балаларды кеңістіктегі қарым-қатынастар туралы түсінігін қалыптастыру.

